

# Пайдалану бойынша нұсқаулық

**DEXP**

**Ойын тіркемесі**  
**DEXP**  
**RetroGAME 6**

# Құрамы

Сақтық шаралары .....	4
Құрылғының сұлбасы.....	5
Қосылу сұлбасы .....	6
Батареяларды орнату .....	6
Құрылғымен жұмыс істеу .....	6
Ықтимал ақаулар және олардың шешімдері .....	7
Жинақталым.....	8
Техникалық сипаттамалары.....	8
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сатып өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары .....	8
Қосымша ақпарат.....	9

## Құрметті сатып алушы!

Сізге біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз.


Біз сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және өндірілген бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күту жөніндегі ұсынымдарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуын қамтамасыз етіңіз және бұйымды одан әрі қолданған кезде нұсқаулықты анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Ойын тіркемесі (ойын консолі) — бейне ойындарға арналған мамандандырылған электрондық құрылғы.

## Сақтық шаралары

- Құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.
- Құрылғы 3 жасқа толмаған балалардың және, олардың қауіпсіздігі үшін жауапты болатын басқа тұлғалар бақылауды жүзеге асырайтын жағдайларды қоспағанда, дене, сенсорлы немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі тұлғалардың пайдалануына арналмаған.
- Тіркемені, қуат көзін, microSD картасын және барлық кәбілдерді құлап кетуден, соққылардан, кесулерден, кез-келген сұйықтықтың әсерінен, экстремал температурадан, кірден қорғаңыз. Құрылғыны және оның құрамдас бөліктерін ашық жалын көздерінің, жылыту аспаптарының, сондай-ақ сұйықтығы бар ыдыстардың жанына орналастырмаңыз.
- Тіркеме корпусының ішіне қандай да бір заттарды салмаңыз.
- Құрылғыны тазалау үшін қандай да бір жуғыш / тазалағыш заттарды пайдаланбаңыз. Жұмсақ, сәл дымқыл матаны қолдануға рұқсат етіледі, содан кейін құрылғыны құрғатып сүрту керек. Тазалау кезінде құрылғыны әрқашан желіден ажыратыңыз.
- Тіркеменің және кәбілдердің күйін үнемі тексеріп отырыңыз. Аталғандардың біреуі зақымдалған жағдайда авторландырылған сервис орталығына жүгіну қажет. Егер құрылғы немесе оның құрамдас бөліктері зақымдалған болса, оны қоспаңыз.
- Тіркемені және оның құрамдас бөліктерін бөлшектеуге тырыспаңыз. Жөндеуді тек авторландырылған қызмет көрсету орталығының білікті мамандары ғана жасай алады.
- Құрылғыны тек үйлесімді USB қуат көзіне қосыңыз (5 В, 1000 -2000 мА).

# Құрылғының тәсімі



1. POWER батырмасы - қуат көзін қосу.
2. RESET батырмасы - құрылғыны қайта жүктеу.
3. LED индикатор.
4. HDMI шығысы - теледидарға қосу.
5. MicroSD ағытпасы - microSD карталарын ойындармен қосу.
6. Micro USB ағытпасы - қуат көзін қосу.
7. SELECT батырмасы - ойын режимін таңдау.
8. START батырмасы - ойынды қосу.
9. Бағытты таңдау батырмалары - бағытты таңдау үшін жоғары, төмен, оңға немесе солға жылжытыңыз.
10. A, B, C әрекет ету батырмалары.
11. X, Y, Z әрекет ету батырмалары.
12. P1/P2 ауыстырып-қосқышы - ойыншыны таңдау.

## Құрылғымен жұмыс істеу

1. Ойын тіркемесін теледидарға HDMI кәбілінің көмегімен қосыңыз.
2. Ойын тіркемесін қуат көзіне USB кәбілінің көмегімен қосыңыз.
3. Теледидарды қосыңыз және сигнал көзі ретінде HDMI таңдаңыз. Егер теледидарда бірнеше HDMI ағытпалары болса, тіркеме қосылғанын таңдаңыз.
4. Сымсыз геймпадарға батареяларды орнатыңыз.
5. Геймпадты ұйқы режимінен шығару үшін кез келген батырманы басыңыз. Әрекетті екінші геймпадпен қайталаңыз. Ұйқы режимі автоматты түрде қосылады.
6. Геймпадағы ауыстырып-қосқышты P1 күйіне өзгертіңіз, навигация батырмаларын пайдаланып ойынды таңдаңыз, START немесе A батырмаларын басыңыз. Екінші геймпадта ойыншыны таңдау ауыстырып-қосқышын P2 күйіне ауыстырыңыз.
7. Опциялар мәзірін шақыру үшін SELECT + START батырмаларын бір уақытта басып тұрыңыз ("Resume" - Жалғастыру, "Quit"- Шығу, "Load"- Жүктеу, "Save" - Сақтау, "Screen", "System" - Бейне режимін теңшеу).

## Батареяларын орнату

Бұрауышты пайдаланып, геймпадағы батареяға арналған бөлікті ашыңыз. AAA батарейкасын орнатыңыз (жеткізу жинақталымға кірмейді) және бөлікті тығыз жабыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** егер сіз оларды ұзақ уақыт пайдаланбауды жоспарласаңыз, батареяларды геймпадардан алып тастаңыз. Батареяларды жылы, құрғақ жерде сақтаңыз.

## Ықтимал ақаулар және олардың шешімдері

Ықтимал мәселе	Шешім
Сурет жоқ.	Теледидардың қосулы екеніне және дұрыс сигнал көзі таңдалғанына көз жеткізіңіз (тіркеме қосылған HDMI ағытпасы ).
	HDMI кәбілінің дұрыс HDMI ағытпасына қосылғанына көз жеткізіңіз.
	Тіркемеде POWER батырмасы басылғанына көз жеткізіңіз.
Кескіннің сапасы нашар.	Барлық кәбілдердің дұрыс қосылғандығын тексеріңіз.
	Теледидар теңшелімдерін тексеріңіз.
Дыбыс жоқ.	Теледидардағы дыбыстың қосылғандығын тексеріңіз.
	HDMI кәбілінің дұрыс қосылғандығын тексеріңіз.
Ойын тоқтап қалды.	Тіркемені теледидардан немесе радио құралдарынан алыстатыңыз.
	Қайта жүктеу үшін RESET батырмасын басыңыз.
	Көмек алу үшін авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

## Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: RetroGAME 6.
- Желі сипаттамалары: 5 В, 1000 мА.
- Аудио / бейне шығысы: HDMI кәбілі.
- Ажыратымдылығы: 1280\*720.
- Ойындар саны: 577 ойын 16 бит + 200 ойын 8 бит.
- Геймпад түрі: сымсыз.
- Батареялар: 1 x AAA ,1,5 В (әр геймпад үшін).
- Жиілік ауқымы: 2,403 - 2,480 ГГц.
- Таратқыштың қуаты: 0.04 Вт.

## Жиынтықталымы

- Ойын тіркемесі.
- 2 сымсыз геймпад.
- MicroSD картасы.
- HDMI кәбілі.
- Қуат көзі кәбілі (USB).
- Ойындар тізімі.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

## Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сатып өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да болса монтаждауды және тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы қаптамасында өндірушінің және тұтынушының жылытылатын орынжайларында ауа температурасы 5 °С бастап 40 °С дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 % аспайтын кезде сақталуы тиіс. Орынжайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмау керек.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны ұқыппен қолдануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғы ақаулығын анықтаған кезде дереу авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және қайта өңдеу үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау бекетіне қайта өңдеуге жіберіледі. Осы бұйымды дұрыс кжоюды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл бұйымды қабылдау және жою бекеттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.



## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Чжуншань СУБОР Интеллидгент Тэкнолоджи Девелопмент Ко., Лтд. Синьхуа тас жолы, 1, Саньцзяо өңірі, Чжуншань қ., Гуандун пров., Қытай. Қытайда жасалған.

**Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:**  
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**  
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының келесі техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімдігі».

Тауар ЕЭО ТР 037/2016 «Электр техника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» Еуразиялық экономикалық одағының техникалық регламенті талаптарына сәйкес келеді.

Айрықшаламалар, өнім туралы ақпарат, оның жиынтықтамасы және функционалы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.3

# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші құрылғының кепілдік мерзімінің ішінде үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың жоқтығына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсету өнімнің пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен істен шыққан, элементтерін тегін жөндеу немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 6 ай.

Пайдалану мерзімі: 12 ай.

Жұмыс істеп тұрған сервис орталықтарының мекенжайы:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

**Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтылығына кіретін, төменде санамаланған керек-жарақтарға қолданылмайды:**

- ҚБП (қашықтықтан басқару пульті) арналған қуат көзінің элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кәбілдер, антенналар және оларға арналған жалғастырғыштар, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштар, жиынтықта жеткізілетін бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (бұйымды қатты магнит дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БЖ қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Тысқаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждау құрылғылары, құралдар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.

## **Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерін өзіне жүктемейді:**

- Кепілдік мерзімі аяқталғанда.
- Жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ тікелей тағайындалуына сәйкес келмейтін басқа мақсаттарда пайдаланылған.
- Пайдаланған кезде пайдалану нұсқаулығының талаптарын бұзған, бұйымды орнату мен қызмет көрсету, іске қосу ережелері (сәйкес келмейтін желілік кернеудің бұйымның өзіне де, онымен түйіндес бұйымдарға келтірілген әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталу), бұйымды сақтау мен тасымалдау жөнінде ұсынымдарды орындамау салдарынан бұйым иесіне және/немесе үшінші тұлғаларға келтірілген ықтимал материалдық, ақылақтық және басқа да зиян үшін өндіруді жауапты болмайды.
- Барлық механикалық зақымдану жағдайлары: кетік, жарылу, майысу, соғылу іздері, жаншылу, басылып қалу және бұйымды пайдалану барысында басқа түрлері.
- Бөгде түрлендірудің, осындай жұмыстарды жүргізуге өкілеттілігі болмаған тұлғалардың рұқсатсыз жөндеуінің іздері бар. Егер ақаулық бұйымның құрылымының немесе сұлбасының өзгеруінен, Өндірушімен қарастырылмаған сыртқы құрылғылардың қосылуынан, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалануынан туындаған болса.
- Егер бұйымның ақаулығы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи апаттар, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. Ақаулық бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкелетін, бұйымның ішіне бөгде заттардың, бөтен денелердің, заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың енуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температурадан туындаған.
- Бұйымның (сериялық нөмір) сәйкестендіруі жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен туындаса; БЖ жеткізушісінің осы қызметті ұсынуының болмауына байланысты, бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жоюмен туындаған жағдайда.
- Егер жұмыстың ақаулары қуаттандырушы, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес келмеуінен, оның ішінде рельеф ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымды желінің әрекет ету шекарасында немесе желінің әрекет ету аймағынан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Зақымданулар бейстандартты (түпнұсқалы емес) және/немесе сапалы емес (зақымданған) шығын материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат көзінің элементтерін, (CD, DVD дискілерін, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса) алуан түріндегі ақпарат тасығыштарын пайдаланғаннан туындаған.
- Егер кемшіліктер үйлеспейтін контентті (әуен, графика, бейне және басқа да файлдарды, Java қолданбасын және ұқсас бағдарламаларды) алудан, орнатудан және пайдаланғаннан туындаған.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген зақымға.

